

«Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі Өзен ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение
«Общеобразовательная школа села Озен отдела образования по Зерендинскому району управления образования Акмолинской области»

021228, Өзен ауылы
Комсомольского көшесі 4
тел: 33-7-43

021228, село Озен
ул. Комсомольского 4
тел: 33-7-43

28.08.2024 ж.

№ 24

«Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы»

«Ақмола облысының білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 10 шілдедегі № 174 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқу жылының басталуы мен аяқталуының мынадай мерзімдері бекітілсін:
2. Өзен ауылының жалпы орта білім беретінің мектебінің оқу сабақтарының аяқталуы 2025 жылғы 25 мамырда аяқталсын.
3. 1-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:
 - 1-тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда);
 - 2-тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда);
 - 3-тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2025 жылғы 21-31 наурызды қоса алғанда);
- 1-сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 10-16 ақпанды қоса алғанда).
- 4-тоқсан – 8 оқу аптасы.
4. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2025 жылғы 29 мамырдан бастап 9 маусым аралығы;

11 (12)-сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары – 2025 жылғы 30 мамырдан бастап 13 маусым аралығы;

5. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)-сынып оқушылары үшін:

1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 29 мамыр;

2) қазақ тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан – 2025 жылғы 2 маусым;

3) таңдау пәні (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын), информатика) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 5 маусым;

4) қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2025 жылғы 10 маусым;

11 (12)-сынып оқушылары үшін:

1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2025 жылғы 30 мамыр;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 3 маусым;

3) қазақ тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 6 маусым;

4) таңдау пәні (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын), информатика) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 12 маусым;

5) қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2025 жылғы 13 маусым.

4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім беру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) «Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі Өзен ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы осы бұйрықтың, сондай ақ мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

5. «Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім бөлімі Өзен ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің оқу ісінің меңгерушісі Айтқожина А.Д. 2024-2025 оқу жылын аяқтауды ұйымдастырып және білім алушылардың қорытынды аттестаттауды өткізуді қамтамасыз етсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:  Сарин Ж.Т

